

**Кентау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 8 тамыздағы № 30 "Бейбіт жиналыстарды өткізудің кейбір мәселелері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 7 тамыздағы № 126 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 8 тамызда № 6574-13 болып тіркелді

Кентау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кентау қалалық мәслихатының "Бейбіт жиналыстарды өткізудің кейбір мәселелері туралы" 2023 жылғы 8 тамыздағы №30 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6335-13 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасының 8-тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген шешімінің 2-қосымшасының 9-тармағындағы "Кентау қаласының" сөздері "әкімшілік-аумақтық бірліктің" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 3 қосымшасындағы "400" саны "800" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кентау қалалық мәслихатының төрағасы*

*К. Елеусизов*